“ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ”
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА ШЫМКЕНТ”

БҰЙРЫҚ
12.06.2025
Шымкент қаласы

ПРИКАЗ
№ 339
город Шымкент

«Шымкент қаласында 2000 оқушыға арналған жалпы білім беретін мектепті салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру жөніндегі ведомствоаралық жобалау тобын бекіту туралы

«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларының 14-тармағына сәйкес, МЖӘ жобасын іске асыру тетіктері бойынша ұсыныстар мен бастамаларды зерделеу, басымдықты айқындау және МЖӘ жобасын іске асырудың орындылығы не орындылығы жоқтығы туралы ұсынымдарды қабылдау мақсатында, хаттамаға қол қою жолымен,

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Шымкент қаласында 2000 оқушыға арналған жалпы білім беретін мектепті салу және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру жөніндегі ведомствоаралық жобалау тобының құрамы № 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасарына Г. Дәрібаеваға жүктелсін.

Басшының м.а. **Ж. Касымова**

№ 1 қосымша бұйрыққа
2025 ж. «___» маусым № ___

«Шымкент қаласында 2000 оқушыға арналған жалпы білім беретін мектепті салу және пайдалану» МЖӘ жобасын іске асыру жөніндегі ведомствоаралық жобалау тобының құрамы

Дәрібаева Гүлнәр Тұрдыбайқызы	«Шымкент қаласының білім басқармасы» ММ басшысының орынбасары, комиссия төрағасы
Тастанбекова Раушан Нурмаханбетовна	«Шымкент қаласының білім басқармасы» ММ бухгалтерлік есеп және есептілік бөлімінің басшысы, хатшы

Ведомствоаралық жобалау тобының мүшелері

Т.А.Ә.	**Лауазымы**
Торибаев Нұрбол Мекенбайұлы	«Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» ММ басшысының орынбасары
Примкулов Ерлан Примкулович	«Шымкент қаласының білім басқармасы» ММ материалдық-техникалық базаны дамыту, стратегиялық талдау және цифрлық технологиялар бөлімінің бас маманы
Өткелбаев Мақсат Дүйсенбекұлы	Шымкент қаласы Кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары
Балтабаев Талғат Дүйсебайұлы	Шымкент қаласы мәслихатының депутаты